

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2025 жылғы 27 ақпандағы
№ ДС-117 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қарт адамдарға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Қарттар үйлеріне қатысты

Әлеуметтік кодекске (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес өзіне-өзі күтім жасай алмайтын қарт адамдар (бұдан әрі – қарт) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп танылады.

Елімізде қарттарға арнаулы әлеуметтік қызметтер стационарлық, жартылай стационарлық және үй жағдайында көрсетіледі.

Кодекс бойынша жергілікті атқарушы органдар қарттардың аталған қызметтерге қажеттіліктерін талдау негізінде ұйымдарды құрады және олардың жұмысын үйлестіреді.

Бүгінгі күні 46 стационарлық жағдайдағы ұйымдар мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады, оның ішінде 45 мемлекеттік және 1 үкіметтік емес ұйым.

Ережеге¹ сәйкес стационарлық ұйымдарға өздерінің ата-аналарын асырап-бағуға міндетті кәмелетке толған балалары және қамқорлық жасауға жұбайы жоқ, зейнеткерлік жасқа жеткен, өзіне қызмет көрсете алмайтын қарт адамдар қабылданады (бірінші, екінші топтағы мүгедектігі, онкологиялық, психикалық аурулары бар, бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан, психикалық денсаулық орталығында есепте тұрған және т.б. қарт адамдар). Осы объективті себептерге байланысты оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз ету үшін мұндай ұйымдар қабылдайды.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы стационарлық жағдайдағы ұйымдар мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады. Қызметтер көрсететін ұйымдардың саны шамамен 12 пайызға азайды (2017 жылы – 51; 2024 жылы – 45)

¹ «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 230 бұйрығы

Анықтама: қарттардың балалары болған жағдайда қызметтерді ақылы негізде алуға құқығы бар. Елімізде ақылы негізде қызмет көрсететін тек Астана қаласындағы «Шарапат» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының орталығы жұмыс жасайды. Көп жағдайда ата-анасының орталықта тұру ақысын балалары өтеп отырады.

Кәмелетке толған балаларынан алимент өндіріп алуға қатысты

«Неке, ерлі-зайыптылық және отбасы туралы» кодексіне сәйкес еңбекке жарамды кәмелетке толған балалар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндеттеледі. Қамқорлық жасалмаған жағдайда балаларынан сот тәртібі арқылы алимент өндіріп алуға құқылы.

Бұл ретте, алимент өндіріп алу құқығы жеке тұлғаның қарт адамның жеке шешіміне байланысты жүзеге асырылады.

70-жастан асқан қарт адамдардың жылжымайтын мүлкін басқа адамның атына рәсімдеуге тыйым салуға қатысты

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстауға құқығы бар және соттың шешімісіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды.

Азаматтық кодекс бойынша меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы бар.

Осыған орай, жылжымайтын мүлкін басқа адамдардың атына рәсімдеуге шектеу қою азаматтық құқықтың негізін бұзатының Әділет министрлігі айтып отыр. Себебі, ол өз қалауымен өзінің мүлкін сатуға, алмастыруға, сыйға тартуға тағы да басқа әрекеттер жасауға кедергі болады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, аталған мәселелер қолданыстағы заңнама аясында жүргізілетін болады.

Е. Көшербаев